

Техникалық сипаттама

(ЛОТ №2)

№	Атауы	Сипаттамасы	саны
1	Медицина, биотехнология бағыттары бойынша зертханалар орналасқан бөлмелердің сыртына ақпараттық тақтайшаларды әзірлеу, орнату қызметі	Материалы - қатты ПВХ ылғалға және дезинфекциялау құралдарына төзімді. Ақпарат UV-баспа немесе винил пленка, арқылы түсірілетін, ғимарат ішіне арналған, медициналық және әкімшілік нысандарда қолдануға жарамды болуы тиіс. Ақпараттық тақтайшаның өлшемдері: бойы 40 см, ені 300 см, қалыңдығы 1-1,5 см. Орнатылуы есіктің жоғарғы бөлігіне қапсырма (заклепка) немесе жасырын бекіткіштермен монтаждау керек.	3
		Жоғары сапалы көпқабатты гравировкалық пластик 2 қабатты (үстіңгі декоративті қабат + астыңғы контрастты қабат) лазерлік немесе фрезерлік гравировка жазулар болуы тиіс. Беткі қабаты өшпейтін, уақыт өте келе түсін жоғалтпайтын болуы тиіс. Гравировка контрастылығы жоғары, алыстан оқылатын болуы қажет. Өлшемдері: биіктігі 50 см, ені 30 см, қалыңдығы 0,5-1 см. Орнатылуы есіктің өзіне немесе есіктің жанына арнайы тақтайшасымен орнатылады.	3
		Жоғары сапалы көпқабатты гравировкалық пластик 2 қабатты (үстіңгі декоративті қабат + астыңғы контрастты қабат) лазерлік немесе фрезерлік гравировка жазулар болуы тиіс. Беткі қабаты өшпейтін, уақыт өте келе түсін жоғалтпайтын болуы тиіс. Гравировка контрастылығы жоғары, алыстан оқылатын болуы қажет. Өлшемдері: биіктігі 20 см, ені 30 см, қалыңдығы 0,5-1 см. Орнатылуы есіктің өзіне немесе есіктің жанына арнайы тақтайшасымен орнатылады.	100
	Барлығы		106

Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры

А.Ошибаева

Ғылым департаментінің директоры

Х.Масадиков

Ғылым департаментінің жетекші маманы

Т.Джатаев

ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны және қызмет көрсету шарттары

Қызмет көрсету құны барлық салықтар мен алымдарды, соның ішінде қосылған құн салығын (ҚҚС), сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында қызмет көрсетуге байланысты барлық ықтимал шығындарды, соның ішінде іссапарлық, көлік, логистикалық және өзге де шығыстарды қамти отырып көрсетіледі.

Егер көрсетілетін қызметтің ерекшелігі қосымша жұмыстар мен іс-шараларды жүргізуді талап етсе, қызмет көрсету құнына **міндетті түрде барлық қажетті қызметтер** енгізілуі тиіс. Оларға, соның ішінде, орнату, баптау, тапсырыс берушінің персоналын оқыту, әдістемелік материалдар ұсыну және нәтижені тиімді пайдалану үшін қажет болған жағдайда кейінгі консультациялық қолдау кіреді.

Қызмет сапасына және сәйкестігіне қойылатын талаптар

Орындаушы қызметтерді Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына толық сәйкестікте, сондай-ақ санитариялық, экологиялық, техникалық және өзге де міндетті нормативтік талаптарды сақтай отырып көрсетуге міндетті.

Қызметтер техникалық тапсырмада белгіленген талаптарға, көлемге, мерзімдерге және сапа көрсеткіштеріне сәйкес көрсетілуі тиіс. Қызмет көрсету нәтижелері белгіленген талаптарға сәйкес келіп, тапсырыс беруші тарапынан практикалық тұрғыда пайдалануға дайын болуы қажет.

Кепілдік міндеттемелері және сүйемелдеу

Орындаушы қызмет көрсету барысында жіберілген кемшіліктер мен қателіктерді кепілдік кезеңі ішінде өз есебінен жоюға міндетті. Қажет болған жағдайда орындаушы қызмет көрсету нәтижелерін тапсырыс беруші қабылдаған сәттен бастап кемінде 12 (он екі) ай ішінде консультациялық қолдау мен сүйемелдеуді қамтамасыз етуге тиіс.

Төлем шарттары және аванстық төлем

Аванстық төлем мөлшері келісімшарттың жалпы сомасының 100%-на дейін болуы мүмкін. Аванс мөлшері тапсырыс берушінің сатып алу комиссиясының шешімімен университеттің ішкі ережелеріне сәйкес айқындалады.

Тапсырыс беруші орындаушыдан аванстық төлем сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын ұсынуды талап етуге құқылы.

Қамтамасыз ету құжаты төмендегі нысандардың бірінде ұсынылады:

- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және банк қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк берген қайтарып алынбайтын банктік кепілдік;
- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар сақтандыру ұйымымен жасалған орындаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Қызмет көрсету мерзімі

Қызметтер келісімшартта белгіленген мерзімде, бірақ келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін кешіктірілмей көрсетілуі тиіс.